

**Астана қаласы әкімдігінің «№ 98 «Мирас» балабақшасы» МКҚК**



**ЭКСПЕРИМЕНТТІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**  
**Тақырыбы «Абай аманаты»**  
**2023-2026 жылдарға арналған**

**Астана қаласы, 2023ж.**

Эксперименттік білім беру бағдарламасы «БІЛІМ туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. Заңына (өзгерістермен), «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 27.03.2015 ж. № 139 бұйрығына сәйкес әзірленді және қалалық сараптамалық кеңес отырысында мақұлданды.  
21.08.2023 ж № 2 хаттамасы

Білім беру бағдарламасы № 98 «Мирас» балабақшасы МКҚК  
оқу әдістемелік кеңес отырысында  
қаралды және мақұлданды  
№ 5 хаттама 2023 ж.  
Оқу әдістемелік кеңестің төрайымы \_\_\_\_\_ А.Ж Нуркабылова

## Эксперимент кезеңдері

№	Кезеңдер	Іске асу мерзімі	Жұмыстың мазмұны	Күтілетін нәтиже
1.	Тәжірибелік	2023-2024жж.	<p>«Абай аманаты» тақырыбындағы эксперименттік аланды іске асыру барысында кіріспе, аралық, қорытынды мониторинг жүргізіледі. Нәтижелер процесі қадағаланады, түзету жұмыстары жүргізіліп, тексерулер бақыланады. Сауалнама алынады. Экскурсия, көрмелер ұйымдастырылады. Абай өлеңдерінің барлық жанры сараланып, шығармаларының көркемдік-идеялық табиғаты ашылады. Тест ұйымдастырылады. Педагогтер және ата-аналарға семинар, жиналыс өткізіледі, эксперименттік алаң жұмысы бойынша ақпараттар беріледі. Қорытынды іс-шара «Абайды оқы, таңырқа!» интеллектуалды сайыс өткізіледі.</p>	<p>Эксперимент тобына бақылау жүргізіліп, ата-аналардан сауалнама алынады нәтижелеріне қарай жоспар құрылады. Ата-аналармен «Абай Құнанбаев шығармашылығы туралы қаншалықты білеміз» тест жүргізіліп, эксперименттік алаң туралы ой пікірлері нақтыланып жайлы қарым қатынас орнайды. Семинар, интеллектуалды сайыстар, жиналыстар өткізіліп әдістемелік кешендер жинақталады. Жыл бойы өткізілген іс-шаралардың нәтижесі қорытындыланады.</p>
2.	Жалпылау	2024-2025жж.	<p>Қалалық деңгейде тәжірибе көрсету. Баспасөз құралдарына мақала жариялау, басқа балабақша қызметкерлерімен дөңгелек үстел өткізу, қалалық, республикалық семинарлар ұйымдастыру, интеллектуалды сайыс, көркем сөз сайыстарын өткізіп, әдістемелік құрал дайындау.</p>	<p>Қалалық деңгейде тәжірибе көрсетіліп, баспасөз құралдарына мақала жарияланды, басқа балабақша қызметкерлерімен дөңгелек үстел өткізіліп іс-тәжірибе алмасылды, қалалық, республикалық</p>

			Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге кіріктіре қолданудың тиімді әдіс- тәсілдерін жүзеге асыру. Қорытынды іс-шара «Өлең сөздің патшасы» көркем сөз сайысы	семинарлар, интеллектуалды сайыс, көркем сөз сайыстары жүргізіліп әдістемелік құрал дайындалды.
3.	<b>Енгізу</b>	2025-2026жж.	Эксперименттік алаң жұмысы оңтайлы нәтижесін беріп, қорытындыланады. Іс-тәжірибе нәтижесінің материалдары жинақталады. Оқыту іс-әрекетінің моделін құру. Қалалық деңгейде семинарлар өткізіп іс-тәжірибе барысын көрсету. Қорытынды есеп беру. Үш жылғы жұмыс жүйемізді жинақтап, авторлық әзірленім құрастыру. Әдістемелік көмекші құрал ретінде авторлық әзірленімді қала, республика деңгейінде тарату. Қалалық қорытынды іс-шара «Абай аманаты»	Тәжірибе жетістіктері басылымдарға шығады. Қалалық, республикалық деңгейде семинарлар, конференциялар өткізіліп, іс-тәжірибе барысы көрсетіледі. Әдістемелік кешендік материалдар жинағы шығарылып, таратылады.

## ЭКСПЕРИМЕНТТІ ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІ ШАРТТАРЫ

1. Кадрлармен қамтамасыз ету;
2. Эксперименттің материалдық-техникалық базасы бойынша қамтамасыз ету
3. Экспериментті экономикалық бағыт бойынша қамтамасыз ету;
4. Эксперименттің ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету

### Эксперимент бойынша кадрларды қамтамасыз етудің алдын ала есептеулері

№	Аты, тегі	Лауазымы	Білімі	Еңбек өтілімі	Біліктілігі	Байланыс телефондары, e-mail
1	Нуркабылова Алмагуль Жеткергеновна	менгеруші	жоғары	31 жыл	Басшы ұйымдастырушы	87751717577 Alma.717@mail.ru
2	Рахымбай Ботакөз Ерболқызы	Инновация әдіскері	жоғары	9 жыл	II санатты педагог	87761680620 Botakoz.erbolovna@bk.ru
2	Мажитова Айнұр Бергеновна	әдіскер	жоғары	10 жыл	Педагог	87753759497 Ainurmajitova@mail.ru
3	Шораева Айжан Базарбековна	тәрбиеші	жоғары	10 жыл	Педагог	87751350403 Shorayeva.ayzhan@mail.ru
4	Турсынова Асел Бабашовна	тәрбиеші	жоғары	11 жыл	Педагог	87759488586 Aselhik_87@mail.ru
5	Ауезова Кенжегүл Жайлхановна	тәрбиеші	Арнайы орта	2 жыл	Педагог	87072445301 Deader2004@mail.ru

### Экспериментті экономикалық бағыт бойынша қамтамасыз етудің алдын ала есептеулері

№	Құрал-жабдықтың атауы	Саны	Өлшем бірлігі	Сомасы
1	Дидактикалық материалдар	5	дана	35000
2	Абай өлеңдер жинағы	4	дана	20000
3	Макет	1	дана	7000
4	стенд	1	дана	30000
5	«Абай хикаяттары»	4	дана	20000
	Барлығы			112000

## Эксперименттің материалдық-техникалық базасы бойынша қамтамасыз етілуі

№	Құрал-жабдықтың атауы	Саны	Өлшем бірлігі
1	Компьютер	5	дана
2	Дидактикалық материалдар	10	дана
3	Проектор	1	дана
4	Принтер	5	дана
5	Сиқырлы қалам	2	дана
6	Ақылды қоян	7	дана

### Зерттеу әдістері:

- Қарапайым зерттеу жүргізу
- Сауалнама
- Зерделеу
- Поэзиялық кеш
- Дидактикалық ойындар қолдану
- Экскурсия
- Көрмелер
- Жобалау әдісі
- Модельдеу әдісі
- Ата-аналармен жұмыс

### БАҚЫЛАУ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ДҰРЫСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ

1. Ішкі бақылау: кіріспе, аралық, қорытынды бақылау.
2. Талдау жүргізу
3. Анықтама жасау
4. Бақылау жүргізу
5. Сауалнама алу

## ЭКСПЕРИМЕНТ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ӘЗІРЛЕМЕЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27. 2007. №319-ІІІ ЗРК.
2. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына, 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
3. 2021 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» №137 Қаулысы;
4. 2022 жылғы 3 тамыздағыдағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
5. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2016.
  6. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013
  7. С. Торайғыров екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы, 1993
  8. М. Жұмабаев Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989
  9. Абай хикаяттары.- А. Мұхаметкалиқызы. Алматы, 2021

**Бірінші кезең**  
**«АБАЙ АМАНАТЫ»**  
(аптасына 1 рет)

№	Тақырыптар	Сағат саны	Мақсаты
<b>I Отбасы</b>			
1	«Мен кіммін?»	2	Балалармен өз есімдері туралы әңгіме жүргізу.
2	«Менің әжем»	2	Балаларға әже туралы, Абайдың әжесі Зере туралы білім беру
3	«Әжемнің ертегісі»	2	балаларға ертегілер мен жыр- дастандар, хиссалар туралы түсінік беру.
4	«Абайдың анасы- Ұлжан»	2	ана тәрбиесі, үлкендерді сыйлау туралы түсінік беру.
<b>II Туған жер</b>			
5	«Туған өлке»	2	Балалардың туған өлкеге деген патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.
6	«Біздің ауыл»	2	Ауыл өмірі, жайлау, туған жер туралы түсініктерін толықтыру.
7	«Бұл қай кезде болады?»	2	Маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін жетілдіру.
8	«Міне, қызық!»	2	Балаларды жәндіктермен тәжірибе жасауға қызықтыру
<b>III Тәрбие көзі</b>			
9	«Адамның қасиеті»	2	Балалардың жақсы, жаман қасиеттер туралы білімдерін жетілдіру.
10	Мақал- мәтел, жұмбақтар. «Бес асыл іс»	2	Балалардың жақсы, жаман қасиеттер туралы білімдерін жетілдіру.
11	«Ас болсын»	2	Ұлттық сусындар мен тағамдар туралы білім беру.
<b>IV. Достық</b>			
12	«Менің досым»	2	Достық, достықты бағалау туралы үйрету.
13	«Асығың алшысынан түссін»	2	Асық нірудің әдісін дұрыс үйрету, ұсақ қол бұлшықеттерін дамыту.
14	«Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап»	4	Адалдық, әділдік қасиеттерін дамыту.
15	Мақал- мәтел, жұмбақтар. «Достық, адамгершілік туралы мақал-мәтелдері.»	2	Балалардың жақсы, жаман қасиеттер туралы білімдерін жетілдіру.
<b>V. Ерте, ерте, ертеде...</b>			
16	Ертегілер.	4	Балалардың қиялын дамыту.
	<b>Барлығы</b>	<b>36</b>	

**Екінші кезең**  
**«АБАЙ АМАНАТЫ»**  
(аптасына 2 рет)

№	Тақырыптар	Сағат саны	Мақсаты
<b>I Отбасы</b>			
1	Отбасы мүшелері	2	Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, отбасында үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық керектігін айтқызу арқылы инабаттылыққа тәрбиелеу.
2	Абай кім? Абайдың дүниеге келуі	2	Балаларға Абай туралы түсінік беру. Кім? Деген сұрақ арқылы әр баланың бойындағы жеке тұлғаны қалыптастыру. Абайдың дүниеге келуі туралы айту.
3	Абайдың есімін кім қойды?	2	Абайдың есімінің кім қойғаны туралы түсінік беру.
4	Есімінің мағынасы	2	Балаларға есім сөзінің мағынасын түсіндіру. Әр есімнің өз мағынасы бар екенін айту.
5	Зере әже	2	Бала бойындағы адамгершілік қасиеттерді, мейірімділікті, кішіпейілділікті дамыту. Балаларға қариялар туралы, олардың бізге қалдырған нақыл сөздері мен батасы туралы мағлұмат беру.
6	Ана біздің нұрымыз	2	Әр адам үшін басты тұлға-Ана туралы түсіндіру. Балалардың тілдерін, ойлау қабілетін дамыту. Аналарын сыйлауға тәрбиелеу.
7	Мақал-мәтелдер	2	Қазақтың мақал-мәтелдеріндегі ұлағатты сөздер арқылы тәрбиелеу.
<b>II Туған жер</b>			
8	Саятшылық дегеніміз не?	2	Балаларға саятшылық сөзінің мағынасын түсіндіру. Абай атамыздың саятшылығына шолу жасау.
9	Туған жердей жер болмас...	2	Туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанды, елді қорғауға тәрбиелеу.
10	Табиғат лирикасы. Күз.	2	Абай Құнанбаевтың табиғат лирикасымен таныстыру. Күз өленің жаттату. Күздің

			ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру.
11	Қыс.	2	«Қыс» өлеңінің мәңгерлеп оқу, мазмұнын ашу. Балаларға табиғат көріністерін сипаттауды, қыс қызықтарын айтқызып үйрету. Өлең шумақтарын жаттату, сөздік қорларын молайту.
12	Жазғытұры	2	Өлең арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, көктем туралы өз ойларын қиялымен ашып айта білуге баулу.
13	Жаз	2	Өлеңді мәңгерлеп оқып, мазмұның ашу. Жаз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру.
14	Ақырын жүріп, аңдап бас... (жұмбақтар)	2	Жұмбақтар арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Бір-бірімен жарыстыра отырып ептілікке баулу.
<b>III Тәрбие көзі</b>			
15	Бала тәрбиесіндегі әженің рөлі қандай? «Әже өнегесі»	2	Әже туралы білімдерін жетілдіре отырып, әженің беретін тәрбиесі туралы түсінік беру.
16	Ұлжан ана ұлағаты	2	Балаларды ананы құрметтеуге, ана еңбегін ардақтауға баулу. Ананың бала бойына беретін тәрбиесі туралы түсіндіру.
17	Құнанбайдың шапағаты	2	Үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлдіру.
18	Құнанбай әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі	2	Әке тәрбиесі туралы
19	Бата алу	2	Бата сөз – ата-баба сөзі мирас, мұра болып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табатынына сенімдерін арттыру.
20	Сөз сөйлеу мәдениеті	2	Балабақша тәрбиешісі үшін, үлгілі, мәдениетті сөйлеу тілін меңгерту. Әдеби тілді, көркем сөйлеуді қалыптастыру.
21	Жетіқазына	2	Балаларға жетіқазынамыз туралы түсінік беру.
<b>IV Достық</b>			
22	Серт, уәде дегеніміз не? <i>Уәде дөм</i>	2	Балаларға серт, уәде сөзінің мағынасын түсіндіру.
23	Турасын айтып, туғаныңа жақпассың. Әділдік туралы	2	Балаларға әділдік туралы түсіндіре отырып, шыншылдыққа, өтірік сөйлемеуге тәрбиелеу.

24	Мінез-құлық <i>қасиет</i>	2	Мінез-құлық туралы балаларға түсінік беру. Қасындағы досынның мінезі қандай екенін айтқызу. Мінез-құлық түрлерін таныстыру.
25	Абайдың қамқорлығы	2	Балаларға қамқорлық туралы түсіндіре отырып, Абайдың достарына істеген қамқорлығы туралы айту.
26	Достық <i>достық</i>	2	Достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге баулу. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.
27	Сенім	2	Достық қарым-қатынасқа тәрбиелей отырып, сенім сөзінің мағынасын түсіндіру. Отбасына, қасындағы достарына сенудің не екенін түсіндіру.
28	Абайдың сүйікті ойындары(асық ату, аксүйек) <i>Парасат дәне - шаш - мұзак 10-13 ж.</i>	2	Балаларды Абай атамыздың сүйікті ойынымен таныстыру. Асық ойнау арқылы, аксүйек ойнау арқылы достық қарым-қатынастарын нығайту.
<b>V Ерте-ерте ертеде...</b>			
29	Ауыз әдебиеті	2	Балаларға ауыз әдебиеті туралы түсіндіру. Ауыз әдебиетінің ерекшелігін түсіндіру.
30	Ертегілер елінде (ертегілер)	2	Суреттер бойынша өткен ертегілерлі еске түсіре отырып, ертегі жанрының ерекшелігін, мазмұның айтып жеткізу. Ертегіге деген қызығушылығын арттыру.
31	Ырым дегеніміз не?	2	Балаларға ырым сөзінің мағынасын түсіндіру. Ата-әжелеріміздің ырым сөздерін бала бойына сіңіру.
32	Тыйым дегеніміз не?	2	Тыйым сөзінің мағынасын түсіндіру. Балаларға қазақтың тыйым сөздерін түсіндіріп үйрету.
33	Әжем айтқан ертегі	2	Балаларды әже туралы өз ойларын айтып жеткізуге дағдыландыру. Әжелері айтатын ертегілерді еске алу. Ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.
34	Абай аудармалары	2	Балаларға Абай атамыздың аудармалары туралы түсінік беру. Балаларға арналған

			аудармаларын оқып түсіндіру. Мағынасын ашу.
35	Жаңылдырмас жаңылтпаштар	2	Балалардың тілдерін жаттықтыра отырып жаңылпаш айтқызу. Жаңылпаш арқылы жарыстыра отырып дыбыстарды дұрыс айтуға баулу.
36	Қорытынды	2	
	<b>Барлығы</b>	<b>72</b>	

**Үшінші кезең**  
**«АБАЙ АМАНАТЫ»**  
 (аптасына 2 рет)

№	Тақырыптар	Сағат саны	Күні
<b>I Отбасы</b>			
1	Отбасы деген не?	2	1. Тақырыбы: Отбасы Мақсаты: Отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық туралы ұғымдарын бекіту. Инабаттылық пен адамгершілікке тәрбиелеу.
2	Ата. Жеті ата.		Балаларға киелі жеті саны жөнінде түсінік беру. Жеті ата туралы түсінік беру. Сөздік қорын байытып, қабілеттерін арттыру. Өз аталары туралы айта білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.
3	Әке. Әкеге деген махаббат. Құнанбайдың даналығы.	2	әкені құрметтеуге, сыйлауға баулу. Әкеге деген махаббаттарын білдіруге дағдыландыру. Абай ақынның әкесінің даналығы туралы түсінік беру.
4	Абайдың әжесі – Зере	2	Балаларға Әженің отбасындағы рөлі туралы түсінік беру. Әже мейірімі, әже махаббаты ұғымын қалыптастыру.
	Ана бейнесі. Ұлжан ана ұлағаты	2	Балаларға Ананың отбасындағы рөлі туралы түсінік беру. Ананы аяулауды, ардақтауды бала бойына сіңіру.
5	Ағасы бардың жағасы бар. Абайдың Оспан, Халиолла інілері	2	Балаларға отбасындағы ағаның, інінің міндеттері туралы түсінік беру. Балаларды бауырларын сыйлауға, бір-бірімен жағымды қарым-қатынаста болуға үйрету.
6	Ер жігіттің үш жұрты. Абайдың нағашыларына сапары	2	Балаларды “нағашы” ұғымымен таныстыру. Ер жігіттің үш жұрты туралы түсінік беру.
7	Абай өлеңдеріндегі отбасы бейнесі. Зерттеу жұмысы	2	Абай өлеңдері арқылы балалардың отбасы туралы білімдерін жетілдіру.

			Балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту, сөздік қорлары молайту.
<b>II Туған жер</b>			
8	Абай туған өлке	2	Туған өлке туралы түсініктерін кеңейту. Туған жерге деген сүйіспеншілік туралы ұғымдарын бекіту. Сұрақтарға жауап беруге, өз ойларын айта білуге, сөздік қорларын молайту, тіл байлығын дамыту.
9	Менің туған жерім	2	Менің туған жерім Максаты: Балалар тұрғылықты жерінің қала немесе ауыл атауын, көшелерін, белгілі ғимараттарды, ескерткіштерді, мәдени орталықтарымен таныстыру. Сөздік қорын байытып, қабілеттерін арттыру. Өз аталары туралы айта білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.
9	Үлкен ауыл – Ақшоқы «Қыс» өлеңімен танысу	2	Ақшоқыауылы туралы мәлімет бере отырып, оларды жеке нысандармен таныстыру. Туған жеріне деген құрметімен сүйіспеншілігін арттыру.
10	Сырт-Қасқабұлақ «Күз» өлеңімен танысу	2	Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру.
11	Кіші Отан деген не? «Жазғытұры» өлеңімен танысу	2	Туған өлкенің кіші Отан екенін, қала ауыл ұғымдарымен таныстыру. Сипаттау.
12	Абай өлеңдеріндегі табиғат сипаты. Зерттеу жұмысы	2	Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға жанды және жансыз табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа

			сүйіспеншілікпен карауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.
<b>III Тәрбие көзі</b>			
13	Сөз құдіреті. Сөз сөйлеу мәдениеті «Өлең сөздің патшасы»	2	Сөз, сөз сөйлеу мәдениеті ұғымдарымен таныстыру. «Өлең сөздің патшасы» өлеңінен үзінді жаттау
14	Ақын деген кім? «Білімдіден шыққан сөз» өлеңімен таныстыру	2	Ақын мамандығымен танытыру. Ақындық өнерге баулу. «Білімдіден шыққан сөз» өлеңінен үзінді жаттау
15	Бата. Бата алу деген не?		Бата ұғымымен таныстыру. Бата алу дәстүрінің дәріптеуі.
16	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.	2	Жақсылық пен жамандықтың не екенін үйрету. Жақсылыққа ұмтылуға дәріптеу.
17	Бес асыл іс. Бес дұшпан «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен таныстыру	2	«Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жаттау. Бес асыл іс, бес дұшпан мағыналарына тоқталу.
18	Жақсы мінез	2	Мінез ұғымын талдау. Жақсы мінездің сипатын түсіндіру.
19	Ырым дегеніміз не?	2	Ырым ұғымын талдау. Абай өлеңдеріндегі ырымдарды жаттау.
20	Тыйым дегеніміз не?	2	Тыйым ұғымына тоқталу. Абай өлеңдеріндегі тыйымдарды жаттау.
21	Мақал-мәтелдер	2	Мақал-мәтелдер ұғымын талдау, Абай шығармаларындағы мақал-мәтелдерді жаттау
22	Абай өлеңдеріндегі ырымдар, тыйым сөздер, мақал-мәтелдер. Зерттеу жұмысы.	2	Отбасы мүшелерімен Абай шығармаларындағы ырымдар, тыйым сөздер мен мақал-мәтелдерді жинақтау, ләпбук жасау
<b>IV Достық</b>			
23	Дос болу. Достық.	2	«Достық»- адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Абайдың достық туралы ой орамдарымен таныстыру. Оның шығармалары арқылы балаларға өмірдің басты мәнінің бірі – риясыз достық,

			адал адами татулық пен сыйластық екенін түсіндіру.
24	Ербол мен Абайдың достығы	2	«Ербол» - Абайдың жан досы; екеуінің арасында өле-өлгенше сызат түспеген тамаша достық болды. Балаларға Абай мен Ерболдың достығы туралы жазушылардың еңбектерін балалармен бірге зерделеу.
25	Менің досым...	2	«Достық» «бірлік» құндылықтарының мәнін түсінуге ықпал ету; Достық қарым-қатынас дағдыларын дамыту; Балаларға өз достарының жақсы қасиеттерін әңгімелеуге, сипаттап беруге үйрету.
26	Серт. Уәде. Құнанбайдың серті	2	Кәзіргі заманда біздің жоғалтып алған ең қымбат құндылығымыз – уәде, ант, жауапкершілік. Осылар жоғалғаннан кейін сенім жоғалды. Адамның адамгершілік деңгейі серт пен сенімнен тұрады. Серт жоқ жерде сенім жоқ. Балаларға осы ұғымдар туралы түсінік беру. Құнанбай мен Сенгірбайдың күш сынасуы туралы балаларға әңгімеп, олардың арасындағы серттің қандай берік болғандығы туралы ой тастау.
27	Абай шығармаларындағы дос бейнесі. Зерттеу жұмысы	2	Зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми әдебиеттерді оқып, талдап, саралау. Ұлы ойшылдың достық туралы мәселені ашып көрсету. Ойшылдың ойын жас ұрпаққа насихаттау.
<b>V Ерте-ерте ертеде...</b>			
28	Ертегілер елінде	2	Ертегі ұғымын талдау. Ертегі түрлеріне тоқталу. Ертегі сипатын құру.
29	Әжемнің ертегісі	2	Зере әженің ертегілерін тыңдау. Ертегінің мазмұнын

			айту дағдысын қалыптастыру.
30	Абай тыңдаған жыр-дастан «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңімен танысу	2	Батырлар жырын тыңдау, сипаттау, мазмұнын айту. «Құлақтан кіріп бойды алар» өлінінен үзінді жаттау.
31	Мысалдар (аудармалар) «Шегіртке мен құмырсқа» өлеңімен танысу	2	«Шегіртке мен құмырсқа» мысалын сахналау.
32	Жаңылтпаштар	2	Жаңылтпаш айту дағдысын қалыптастыру.
33	Жұмбақтар	2	Жұмбақ жасыру дағдысын қалыптастыру. Жұмбақтап айту өнеріне баулу.
34	Асық ату ойыны	2	Ұлттық ойынға деген сүйіспеншілікті ояту. Асық ойыны туралы түсінік беру.
35	Бестемше ойыны	2	Бестемше ойыны туралы түсінік беру.
36	Болмасанда ұқсап бақ. Шығармашылық жұмыс	2	Отбасы мүшелерімен шығармашылық жұмыс жүргізу.
	<b>Барлығы</b>	<b>72</b>	